«6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кожамбеков Даулет Рысбековичтің «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Кожамбеков Даулет Рысбековичтің «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының жалғасы ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 953 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. «8D042-Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04203-Құқықтану; 6D030200, 8D04201-Халықаралық құқық» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша докоранттарды дайындау бойынша ізденуші Кожамбеков Даулет Рысбековичтің ұсынылып отырған жұмысы талаптарға сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына қатысты мәселелеріне кешенді түрде талдау жасалынған. Зерттеу жұмысы заң ғылымының теориялық, конституциялық-құқықтық негізін кеңейтуге, дамуына **елеулі үлес қосады.** Зерттеу жұмысының маңыздылығы **ашылған.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Дисссертациялық жұмыс **жоғары** деңгейде жазылған. Құқықтық терминдер орынды қолданылған. Зерттеу мазмұны түсінікті және сауатты әрі нақты жазылған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелердің өзектілігі **негізделген**. Зайырлы мемлекеттегі мемлекет пен дін арақатынасын конституциялық-құқықтық реттеу өзекті мәселесі болып табылады. Зерттеу тақырыбы алыс шетелдерде зерттелгенімен, әліде ашылмаған сұрақтар бар. Автор диссертациялық жұмыста осы сұрақтарға жауаптар ұсынуы зерттеу жұмысының құндылығы мен диссертация жұмысының өзектілігін негіздей түседі.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды**. Зерттеу тақырыбының мазмұны мен оның жоспары өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытынды мен пайдалынылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес**

		1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	**келеді.** Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орныгуына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстар, конституциялық-құқықтық нормалар және өзгеде заңнамалық актілерге сүйеніп зайырлы мемлекеттің Қазақстандық үлгісін қалыптастыру диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты ретінде көрсетіліп, осы мақсатқа жету үшін орындалуына тиісті міндеттер ұсынылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері **толық** логикалық **байланысқан.** Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысқан. Диссертацияның әр бөлімі мұқият ойластырылған және тақырыпты жалпы түсінуге ықпал етеді. Зерттеу жұмысының құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан тұрады: 1) Зайырлы мемлекет туралы теория, тұжырымдар; 2) ҚР зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормаларды 3) ҚР зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыда талдау бойынша зерттеу жүргізген. Қорытындыда негізгі тұжырымдамалардың талдауы мен ұсыныстары берілді, 199 әдебиет тізімін құрайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген;	Зерттеу жұмысында зайырлылық үлгілерінің отандық және шетелдік үлгілеріне салыстырмалы талдау жасалынған. Зайырлылықтың отандық үлгісін жасауда бұрыннан белгілі шешімдермен/қағидаттармен нақты салыстыру жасалған.

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып **сыни тұрғыдан талдау жасалып бағаланған.**
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына, мемлекет пен дін арақатынасының зайырлылық қағидаттарына сәйкес үйлесімді дамуына ғылыми негізде үлес қосады. Зайырлылық қағидаттарына сәйкес азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығын қорғау тетіктеріне қатысты жаңа идеялары мен тәсілдері ғылыми жаңашылдықтың көрінісі. Қорғауға ұсынылған жаңашыл ережелер мен принциптер дәлелді расталады және болашақ зерттеулер мен заңнамалық бастамалар үшін маңызды бағыт болып табылады. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет үлгісіне қатысты теориялық және тәжірибелік ұсыныстар жасалды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертацияның қорытындылары негізгі алға қойған мақсат пен міндеттердің нәтижелеріне сәйкес келеді.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **жаңа және толығымен негізделген**.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеу жұмысында көрініс тапқан **барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.** Қорытындылардың негізділігі зерттеу жұмысының мақсаты, міндеті мен нәтижесіне сай жүйелі орындалған. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық база терең талданды, кемшіліктер анықталып, оларды жоюдың тиімді жолдарын ұсынылды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	**1 тұжырым**. «Зайырлы», «зайырлы мемлекет» ұғымдарына авторлық анықтама берілді. Зайырлы мемлекет түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық табиғатын айқындау Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының негізі екендігі көрсетілген. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **2 тұжырым.** Мемлекет дін саласында туындаған мәселелерді демократиялық, құқықтық тәсілдермен және зайырлылық қағидаттармен реттеу азаматтардың заңды мүдделеріне, қоғам игілігі, қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау мақсатын көздейтін қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілеріне тән. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері негізінде зайырлылық қағидаттарын ілгерілету ұсынылған.

		2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **3 тұжырым.** Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы Қазақстан халқының діни-рухани мұрасымен үйлесетін барлық діндерді құрметтей келе, әлемдегі зайырлы мемлекеттердің жүріп өткен озық үлгісіне негізделетіндігі көрсетілген. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы ең алдымен Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар арқылы жүзеге асуы тиіс екендігі ұсынылған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **4 тұжырым.** Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар мен шетел конституцияларына жүргізілген салыстырмалы талдау негізінде, мемлекет зайырлылығы: а) азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығы; ә) мемлекетің барлық діндерге

			бейтарап ұстанымы мен діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі; б) мемлекет пен діннің бөлінуі тәрізді негізгі үш топтастырылған конституциялық-құқықтық нормалар жүйесін қамтиды-деген, тұжырым жасалған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **5 тұжырым.** Мемлекет пен діннің бөлінуі ұғымы мен зайырлы мемлекет қағидаларын талдау маңызды. Себебі мемлекет пен діннің бөлінуі қағидасына сәйкес құқықтық қатынастарға қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің шегін белгілеуді ұсынған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **6 тұжырым.** Мемлекеттің зайырлы сипаты мемлекеттің діни бірлестіктермен ешқандай әрекет етпейді дегенді білдірмейді. Діни бірлестіктер азаматтық қоғамның бөлігі ретінде мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік-құқықтық актілер зайырлы қағидаттарына сәйкес реттелуі туралы ұсыныс жасалған. 7.1 1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер**

			дәлелденді. 7.2 2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **7 тұжырым.** Мемлекеттік билік өкілдері мен мемлекеттің құзіретіне жататын салаларда қабылданған кез-келген шешім қандай да бір дін немесе оның өкілдерінің мүддесіне емес, тұтас қоғамның мен мемлекеттің ұлттық мүддесіне сай қабылдануы тиіс екендігі туралы ұсыныс жасалды . 7.1.1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**. 7.2.2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.** **8 тұжырым.** Қазақстан Республикасында білім алушылар, тәрбиеленушілер, ата-аналар зайырлылық ұстанымдарға сай білім беру мекемелерінің ішкі тәртібін сақтауы, білім беру ұйымы жарғысы мен өзге де заңмен белгіленген талаптарды орындауы тиіс. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінінің зайырлы сипатын қалыптастыруы тиіс. Қазақстанстан Республикасының білім беру саласы қызметінде қандай да бір діни ұстанымдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету ұсынылды. 7.1.1) Қорғауға шығарылған негізгі **ережелер дәлелденді**.

			7.2.2) тривиалды емес (**жоқ**). 7.3 1) **ия.** 7.4 3) **кең.** 7.5 1) **ия.**
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста әдіснаманы таңдау **негізделген** және егжей-тегжейлі сипатталған, бұл оқырманға автордың зерттеуге ғылыми көзқарасын толық түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыстың әдіснамалық базасы-мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуде зайырлылық қағидаттарын ілгерілету, діни-сенім және ар-ождан бостандығын қорғаудың конституциялық-құқықтық аспектілерін кешенді талдау, зайырлы мемлекет үлгілерін салыстырмалы талдау арқылы жүзеге асады. Автор әдіснамалық құралдардың кең түрін, соның ішінде салыстырмалы-құқықтық талдауды, сот практикасы мен мемлекеттің дін саласын реттейтін заңнамасын талдауды тиімді пайдаланды. Бұл зерттеу мәселелерін жан-жақты қамтуға ғана емес, сонымен қатар тұжырымдардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Әдістеменің толық сипаттамасы құқықтану саласындағы ғылыми диалогты байытады және осы саладағы одан әрі зерттеулерге негіз болады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.

		1) ия;	Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері жеткілікті дәрежеде сенімді. Бұл автордың заң әдебиетінің, нормативтік материалдардың кең көлемін пайдалану мен ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістеріне жүгінген.
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Автор зерттеу жұмысында соңғы зайырлы мемлекет мәселелеріне қатысты зерттеулердің нәтижелерін белсенді қолдана отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетіндігін көрсетті. Бұл тәсіл дәлелдеудің академиялық қатаңдығын ғана емес, сонымен қатар диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті.** Автор отандық, жақын шетел және алыс шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне шолу жасаған. Автор тақырып аясындағы диссертациялық жұмыстар, монографиялар, ғылыми мақалалармен кең ауқымды дереккөздерге сүйенген. Әдебиет таңдаудағы тәсілдер зерттеудің өзектілігі мен жан-жақтылығын айқындап, тақырыпты нақты қамтуға мүмкіндік береді.

			Диссертациялық зерттеуде тақырып аясында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деңгейде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы **бар.** Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы ретінде Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде танылуы, қалыптасуы мен орнығуының құқықтық мәнін ашып, конституциялық-құқықтық қағида ретіндегі негіздерін теориялық тұрғыда тұжырымдауымен ерекшеленеді. Сонымен қатар алдағы уақытта зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, білім беру жүйесі, ЖОО оқу бағдарламаларында пайдалануға болады. Халықаралық және отандық деңгейде зайырлы мемлекет тұжырымдамасын жасауға іргелі ғылыми негіз болады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы **бар** және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы ретінде тұжырымдалған ережелер мен қорытындыларды мемлекеттік органдар функционалды міндеттерін атқару барысында мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуде қолдана алады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын зайырлылық қағидаларына сай одан әрі жетілдіруге, зайырлылық мәселелеріне қатысты діни мәтіндер мен материалдарға сот сараптамасын жасауда қолдануға, мемлекеттің дін саласындағы құқықтық саясаты шеңберінде қоғамдық қатынастарда конституциялық-құқықтық реттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			зерттеу нәтижелері зайырлылық ұғымын дәлме-дәл әрі біркелкі түсінуге, діни экстремизмнің алдын-алу мен күрес саласында заң нормаларын құқық қорғау саласында қолдану барысында және сот тәжірибесінде шешім қабылдауға негіз болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Отандық заң ғылымында Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі үлгісі тың ұсыныс болып табылады. Қазіргі заманда мемлекет пен дін арақатынасын зайырлылық қағидаттарына сәйкес реттеуде зайырлылық мәселесіне қатысты тың ұсыныстар жасау заман талабы екендігі көрсетілген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Жазу және ресімдеу сапасы, академиялық жазу сапасы **жоғары.** Мәтіндердің ғылыми стандарттарға сәйкес келетін дәлдігі, дұрыстығы және құрылымдылығы айқын көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеу терең талдау көзқарасымен және дереккөздерді сыни тұрғыдан түсінумен сипатталады. Бұл академиялық талқылауды жандандырып, тақырыпты жаңа қырынан түсінуге ықпал етеді. Академиялық жазу нақты, тақырып шеңберінінен шықпай шектеулілік ұстанымын сақтай отырып жазылған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		**1. Тұжырымдамалық және теориялық аражікті нақтылау қажеттілігі.** Диссертациялық жұмыста «зайырлы мемлекет», «зайырлылық қағидаты», «мемлекет пен діннің бөлінуі» және «мемлекеттің дінге бейтараптығы» секілді ұғымдар жиі және қатар қолданылған. Алайда бұл ұғымдардың әрқайсысының мазмұндық ерекшеліктері, өзара айырмашылығы

			мен байланысы жеткілікті түрде нақты әрі жүйелі түрде ашылмаған. Теориялық тұрғыдан бұл ұғымдар арасында семантикалық және құқықтық шекара қою — диссертацияның ғылыми тереңдігін арттырып, тақырыпты түсінуді жеңілдетер еді. Сондықтан осы ұғымдардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға арнайы тарау немесе параграф арнап, жүйелі салыстырмалы талдау жасау ұсынылады. **2. Эмпирикалық деректердің жеткіліксіздігі және қолданбалы аспектінің әлсіздігі.** Зерттеу зайырлылық қағидатын конституциялық-құқықтық тұрғыда саралауға арналғанымен, қазіргі Қазақстан қоғамындағы нақты жағдайға қатысты эмпирикалық материалдар (мысалы, сот істері, дін саласындағы нақты құқықтық қақтығыстар, нақты аймақтардағы құқық қолдану тәжірибесі, әлеуметтанулық сауалнамалар) жеткіліксіз берілген. Қолданбалы маңыздылықты арттыру үшін зайырлылық қағидатының практикалық жүзеге асуы, мысалы, білім беру жүйесінде немесе мемлекеттік қызметте дінге қатысты нақты құқықтық істер арқылы сипатталуы тиіс. Бұл ұсынылған тұжырымдарды өмірмен байланыстырып, зерттеудің ғылыми-практикалық құндылығын арттырады. Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. Мәтінде техникалық қателер кездеседі.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D030133 - Құқықтану» мамандығы бойынша бойынша дайындаған «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді беремін, Кожамбеков Даулет Рысбекович философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Кожамбеқов Даулет Рысбековичтің «6D030133-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры

И.С. Сактаганова

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДРЛАР ҚЫЗМЕТІ
23.05.2025 г.